

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

помощью строки поиска можно отыскать необходимое, хотя структура портала максимально упрощена и найти нужное будет несложно. Корреспондентская сеть охватывает не только Казахстан, но имеет представителей и в других странах, благодаря чему есть возможность создавать репортажи из различных точек.

Подобный опыт обнадеживает, что при должном и своевременном освещении Казахстан сможет стать одним из самых развитых стран в мире в сфере культуры и искусства.

Список использованной литературы

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/Культура_Казахстана_-_cite_note-10
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева на XIII сессии Ассамблеи народа Казахстана — Номад, Казахстан
3. Источник: <http://khabar.kz/ru/24kz>
4. Источник: <http://24.kz/ru/tv-projects/novosti-kultury/item/115453-novosti-kultury-opera-v-ritme-tantsa>

ӘОЖ 070:623.4544.86

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУЛАРҒА ҚАРСЫЛЫҚ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАРДЫҢ БАҚ БЕТТЕРІНДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ

(«Егемен Қазақстан», «Жас Алаш» газеттері негізінде)

Қолғанатова Гүлфия Азаматқызы

Gulfiya9595@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің, Баспа ісі
мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Башова

Ядролық қарусыз әлем- келешектің жарқын үлгісі. 1991 жылдың 29-шы тамызында Семей ядролық сынақ полигоны біржолата жабылды. Қазақстан «Орталық Азияда» тұңғыш рет тарихта бұрын- соңды болмаған ядролық қарудан бас тартқан мемлекеттердің бірі болды. Жағымды жаңалықтан хабардар болған Нью- Йорк қаласындағы БҰҰ- ның Бас Ассамблеясы осы атаулы күнді «Ядролық сынақтарға қарсы іс- қимылдың халықаралық күні» деп бекітті.

Бұл атаулы күнді Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ядролық қарусыз әлем қалыптастыру ісін адамзаттың ХХІ ғасырдағы басты мақсат етуге шақырамын» атты бастамасы БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында тұңғыш рет иық теңестіретін мемлекеттердің алдында мінберге шығып қазақ тілінде сөз сөйлеп, ерекше көрініс тапқызған болатын. «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылдың 29- шы қыркүйектегі санында жарияланған Елбасының бастамасында: «Ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу, ауқымы жағынан төртінші ядролық қару- жарақтан өз еркімен бас тартқан, сондай- ақ, Орталық Азияда ядролық аймақ құрған тарихтағы тұңғыш ел- Қазақстан [1]» деп аса бір тебіреніспен мінберде сөз сөйледі. Жалпыға ортақ декларациясын қабылдауды ұсынып, ядролық қарусыз аймақты әлемнің басқа да өңірлеріне құрғанды жөн санап, аса зор сеніммен ұсынысын жеткізді. Ядролық державасы бар өзге де мемлекеттер, ядролық қарудан бас тартқан барлық елдерге күш қолданбауға кепілдік беруге тиісті мақсатында бейбіт қарым- қатынас орнықтырды. Бұл- жаһандық көлемдегі тұрғыдан қарастырылатын өзекті оқиға. Бүкіл дүниежүзілік әлем атомды бейбіт әрі қауіпсіз мақсатта қолданудың маңыздылығынан бағалап, түсінуі тиіс.

БҰҰ Бас Ассамблеясының жалпы дебаттары барысында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2045 жылға дейін БҰҰ- ның 100 жылдығына орай ядролық қарусыз әлем құруға қол жеткізу бастамасын ұсынғанын атап көрсеткен болатын.

Е.Ыдырысов конференция барысында: «Елбасымыздың бастамасын жалғап, бұл мақсаттың орындалуы мен орындалмауы екі талай екендігін, бірақ шын мәнісінде саяси тұрғыдан әбден мүмкіндігі барын, оған қадамды бүгіннен бастау қажеттігін [2]» нық сеніммен айтып өтті. Көкейкесті мәселелердің басын шешу мақсатында бірқатар мемлекеттер бейбіт түрде қарым-қатынас орнатты.

«Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылдың 3 қыркүйектегі «Бейбітшілік бітімгері» атты мақаласында : «Семей қаласы- адамзатты ядролық қарусыздануға үндейтін, бейбіт атомды жақтайтын бірден- бір орталыққа айналып отыр [3]» деп бір санында жариялаған болатын. Осыған орай, Семейде 29 тамыз- халықаралық ядролық қаруға қарсы іс- қимылдар күнінде дәстүрлі «Бейбітшілік» акциясы өтті. Қаланы қақ жарып ағатын Ертіс өзеніндегі Түйемойнақ аралына жиналған 15 мыңнан астам семейліктер мен қала қонақтары әлем қауымдастығының ядролық жойқын қарудан бас тартуға шақырып, Жапониядағы Қазақстан халқына достық тарту ретінде жеткізілген Хиросиманың бейбітшілік тасы орнатылған монументтің ашылу салтанатына куә болды. Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар, Семей қаласының әкімі Ермак Сәлімов, Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Камохара Масаеси және әлемді ядролық қарудан толық азат ету һәм бейбітшілікті насихаттау мақсатында белсенді қызмет етіп жүрген халықаралық ұйымдардың жетекшілері мен ғалымдары қатысты. Бейбітшілік стеласына гүл шоқтарын қойып, полигонда зардап шеккен құрбандарды еске алудан басталды. «Заман- ай» әнімен айшықталған рәсімнен кейін, Хиросиманың бейбітшілік тасы орнатылған монумент көпшіліктің қатысуымен, салтанатты түрде ашылды. Салынған монументтің биіктігі 3 метр, салмағы- 100 килоны құрап отыр. Бұл тарихи жәдігер болып табылатын тастың өзіндік тарихы бар. Хиросима мен Нагасаки қалаларын бомбалаудан соң Хиросима тұрғындары қала ғимараттарының үйінділерін жинау барысында, жарылыс кіндігінен 200 метр аумақта жатқан 200-ге жуық тасты тауып алады. Бұл бұрын қала көшелеріне төселген текшетастар болған екен. Осы тастарға қайырымдылық құдайының бейнесі мен «Хиросимадан» деген жазуды ойып жазу жөнінде шешім шығарылады. Кейіннен тастарды сыртқы саясатта бейбітшілікті насихаттайтын елдерге сыйлау ұйғарылады. Осылайша, 1991 жылы Жапонияда «Хиросиманың бейбітшілік тасы қауымдастығы» үкіметтік емес ұйымы құрылады. Сол кезде Семейге Хиросиманың тарихи жәдігерін Мичио Умемото сыйға тартты. Бұл тарихи тас бейбітсүйгіш елдерге табысталып келе жатқан жойқын жарылыстың куәсі. Соның ішінде 108-шісі болып мемлекеттердің қатарында бейбітшілік тасын сыйға алған Қазақстан елі болды. Қазақстан бейбіт өмірді жаны сүйетін, ары сүйетін, бейбітшілік үшін аянбай күресетін елдердің бірі де һәм бірегейі. Мақала барысында Хиросима тасы туралы «Егемен Қазақстан» газетінде біраз мағлұмат айтылып, түсініктеме берілген болатын. Осыдан жетпіс жыл бұрын, 1945 жылдың 6 тамызында адамзат тарихында алғаш рет Хиросима қаласына атом бомбасы тасталды. Қала қираған үйіндіге айналды. Он мыңдаған адамның дәм- тұзы таусылып, өмірі қиылып, тағдырлары астаң- кестең болды. Бұл Хиросима тарихи тасы ядролық жойқын жарылыстың куәгері. Сондықтан, әлекедей жасанған әлемнің басын біріктіретін адамзаттың ортақ тілегіне, достық, бауырмалдық елшісіне айналып отыр» - деді «Хиросима бейбітшілік тасы қауымдастығының» төрағасы Мичио Умемото [4]. Хиросима тарихи тасын сыйға алған Қазақстан бейбітсүйгіш мемлекет ретінде әлемге кеңінен танымал болатын. Бұл сыйға әбден лайықты болған Қазақ еліне мұндай сый алу үлкен мәртебе саналады.

Ядролық сынақтан зардап шеккен қос мемлекет Жапония мен Қазақстан бүгінде ядролық қарудан бас тартқан елдердің алғашқыларының қатарында. Ядролық бомбалаудан, қарулардан ұзақ жылдар бойы ядролық сынақтан зардап шеккен екі мемлекетте өмір сүріп отырған халықтың мұңы да, қайғысы мен қасіреті де ортақ. Мұндас халықтардың ядролық қарудан бас тартуы, екі халық арасындағы қарым- қатынасты одан әрі бір- бірімен әлдеқайда жақындаттыра түсті. Арадағы достық жалауы көкке желбірей бастап, Жапония мемлекеті Семей қаласында тұратын халыққа қауымдастық елдері ішінен бірінші болып, 1 млн АҚШ долларын беріп, көмек қол ұшын созды. Қоян- қолтықтағы қарым- қатынас өз жалғасын тауып, көкейкесті мәселелердің түбегейлі шешімін бірге шешуде.

БАҚ беттерінде көрініс тапқан ядролық қаруға қарсы мақалалар әлі де газеттердің санында үзбей үздіксіз жарияланып келеді. Ядролық қауіп- қатердің тоқтатылғанына биыл- 27 жылдың жүзі болды. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев әлемдік көптеген бірнеше алқалы басқосуларында ядролық қарусыздану мәселесін көтеріп, әлем жұртын бейбітсүйгіштікке үндеп, халықаралық саясатты ізгілендіруді қазақстандық үлгісіне айналдырды. Қазақстан ядролық қарудан біржолата бас тартып, сынақтарды тоқтатқаннан кейін Ресейдегі «Жаңа Жер», АҚШ- тағы «Невада», Франциядағы «Мороруа», Қытайдағы «Лобнор» өзеніндегі сынақтар да тоқтатылды [5]. Бұл бастама, сынақтардың тоқтатылуы- ондаған миллион адамның өміріне араша түскендігінің белгісі. Жарты ғасыр бойы қазақтың дархан, кең байтақ даласына жарылыс жасаған Семей атом полигонын жабу мақсатындағы ұлы күрестің басталғанына ширек ғасырдың өзі де болыпты. Семей сынақ полигоны қаншама адамның өмірін қор қылды, жүректеріне мәңгі өшпес жара салды. Орны толмас қайғының бүгінде «өлімнен де күшті» екендігі айтылып келеді. «Жаһан бейбітшілігі - адамзат баласының болашағы үшін кепілдіктің белгісі». Бейбітшілік туымыз аспандап, болашағымыз жарқын болса қазақ елі жойылмайтын, жоғалмайтын халық болады.

«Егемен Қазақстан» газетінің 2014 жылғы 9 тамызындағы санында «Жаһандық ядролық қауіпсіздік» атты мақала жарияланды. Газет бетінде «Ядролық сынақтар және олардың зардаптарының мониторингі [6]» тақырыбында Курчатов қаласында халықаралық конференциясы жүргізілді. Алқалы жиынға Инвестиция және даму министрлігі, Ұлттық ядролық орталық, НОРСАР Норвегия орталығы, Францияның атом энергетикасы бойынша комиссариаты және өзге де беделді мекемелер мен ұйымдар, әлемнің 50- ден астам беделді саясаткерлер, ғалымдары мен мамандары қатысып бас қосты. Қазақстан 20 жылдан бері бейбіт өмір сүруді насихаттап келеді. Қазақстан әрқашанда әлемдік тыныштықтың болуын шын қалайды және де тыныштықты қамтамасыз етуге барынша ұмтылады. Атом энергиясы комитеті төрағасының орынбасары Тимур Жанткин Семей ядролық полигонында 1949- 1989 жылдар аралығында 450-ден астам ядролық сынақтардың өткізілгенін айтып өтті. Сол сынақтардың зардабы әлі күнге дейін жойылмаған, сынақтан зардап шеккен адамдардың денсаулығын жақсарту, полигон маңындағы жерлерді залалсыздандыру, халық шаруашылығына пайдалану мәселесінің шешімін тауып келе жатқандығын айтты. Жыл сайын өтіп тұратын бастамасы тиімді бұл конференцияның мәні мен мағынасы орасан зор. Оңтайлы шешімін тауып, халықтың денсаулығына мән берген конференция бастамасы өз жалғасын тауып, осы күнге дейін өткізіліп келеді.

«Егемен Қазақстан» газетімен қатар «Жас Алаш» республикалық газеті негізінде де «Ядролық қаруға қарсы» мақалалар жарық көрді. Техника ғылымдарының докторы Тоқтамыс Меңдебаевтың «Апат қатері және атақ алу әуресі» атты көлемді мақаласы «Жас Алаш» республикалық газетінде жарық көрді. Мақала барысында Тоқтамыс Меңдебаев: «Бүгінде жұртшылықты алаңдатқан ресми хабар – Қазақстан мен Халықаралық атом қуатын пайдалану және қадағалау ұйымының (МАГАТЭ) арасындағы келісім бойынша, жерімізде атом отыны қалдықтарын өңдейтін банктің құрылуы [7]». Халықаралық ұйым МАГАТЭ-нің желкесінде тұрған Америка Құрама Штаттары үшін, атом отыны қалдықтарына жергілікті тұрғындарды шулатпай, астыртын сақтайтын орын табу оңайға түскен жоқ. Мұндай ұсыныспен, өтеуіне үлкен қаржы бермекші болып, Америка көптеген мемлекеттерге өтініш білдіргенімен, барлығынан теріс жауап алған. Соңғыларының бірі – жеріне атом отын қалдықтарын енгізуден үзілді-кесілді бас тартқан Монғолия. Сонда Қазақстанды қандай түлен түртіп тұр? Әлде бізге күрделенген экология, шектен тыс ластанған ауа, өзен, көл сулары, кен орындарындағы радиация ошағына айналған тау жыныстары, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмегендіктен, істен шыққан жер қыртыстары, күйреген қойнауы, құрдымға кеткен жерасты су жүйелері аз болғаны ма. Ғылымның құпиясы мол, әсіресе атом саласында. Ағылшын ғалымдарының пайымдауынша, әзірше дәлелденбеген, бірақ күдік тудыратын атом отын қалдықтары қоймасынан тарайтын, көрінбейтін радиоактивті сәулелер көптеген аурудың қозғаушысы болуы мүмкін.

Қазақ жерін қауіпті атом отын қалдықтарының қоймасына айналдыруға, келешекте елімізде атом электр стансасын (АЭС) саламыз деген шешім қабылдауға қандай себеп, сұраныс бар. Ескерілетін нәрсе – АЭС салуға және оны кейінірек жоюға жұмсалатын шығын шамалас. Біздегі мол уран кен қоры ондай шешімге негіз бола алмайды. Әлемдегі уран кен қоры жағынан бірінші орында тұрған Австралияда АЭС салуға заңмен тыйым салынғанын екіншісі біле бермеуі мүмкін.

Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ядролық қарудан арылып, жерімізді атомсыз аймақ деп жариялағаны белгілі. Ендігі жерде, бүгінгі атом отын қалдықтарын қайта өңдеу үшін жерімізге әкелуге деген құлшыныс, бұрынғы жарияға жар салған үндеумен саяси тұрғыдан алғанда қаншалықты үйлесімді. Келешекте табиғи қазба-байлықтар, жер аумағы, өмір сүру кеңістігі үшін әлемдегі талас-тартыс күрделенетінін ескерсек, ертеректегі Қазақстанның ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы қаншалықты көреген шешім болды деген сұрақ туындайды. Егер бізге ядролық қару қажет болмаса, онда өткен ғасырдағы Семей сынақ алаңында болған жарылыстардың зардабын тарта отырып, қатерлі атом қамытын қайтадан мойнымызға ілуге қандай мұқтаждық итермеледі, деп ашына жазған болатын.

Тоқтамыс Мендебаев өз түйінінде: «келешекте атом электр стансасын салуға ешқандай экономикалық қажеттілік, қоғамдық сұраныс жоқ. Елімізде қуат мәселесін түбегейлі шешетін, адамзат өміріне, қоршаған ортаға, жер қойнауына залалсыз табиғи мүмкіншіліктеріміз жеткілікті. Оларды ғылыми шешімдер арқылы игеретін отандық жобаларды дайындау, тиянақты, жүйелі іске асыру мемлекеттің міндеті [8]» деп өз ойын ашық түйіндеді.

Адамзат бүгінде қайтарымы бар қуат көздерін яғни, су, жел, күн сәулесін пайдалануы бір басқа болғанымен, көпшілік біле бермейтін түрлерді игерудің алдында тұр. Қайтарымды қуат көздерін ғылыми жобалар негізінде игерудің басты тиімділігі ұзақ қашықтыққа созылатын, үнемі қадағалауды, жөндеуді қажет ететін, әрбір мың шақырымда қуаттың 70 пайызын жоғалтатын электр желілерін, аралық стансалар салудың қажеті жоқ. Халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған Тоқтамыс Мендебаевтың бұл бастамасы Тәуелсіз қазақ елінің мұңын шағып отыр.

Дәл осы мақала барысында «Жас Алаш» газетінің 2015 жылдың 8 қарашасындағы санынан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ғабдул- Сәбит Юсуповтың «Атом тажалына жол жоқ» атты жанайқайымен тағы да газет беттерінде жаңғырды. Өзінің Отан алдындағы, ел алдындағы «Азаматтық борышым» деп есептеген Ғабдул- Сәбит Юсупов ауыр ойға шомып, қасірет уын ішкізетін тажал болғандықтан, қолына қалам алып, Тоқтамыс Мендебаевтың ащы үніне үн қосты. Тек екінші дүниежүзілік соғыстан ғана емес, әлмисақтан қазақ ішпеген у, қазақ құспаған запыра, қазақ шекпеген азап бар ма?– деп ашына жазды. Қазақтың көрген қорлығы аз болғандай, енді міне, жерімізге атом отыны қалдықтарын өңдейтін банк құрылмақшы. Уран қалдықтарын әкеліп сақтау және де АЭС салу, халқымызға тағы да қауіп-қатер төндірмей ме? Бұған кім кепіл береді? Орталық Азияда тұңғыш рет тарихтағы ядролық қарудан түбегейлі тамырымен бас тартқан мына біз қазақ елі не үшін ядролық қаруды жойдық? Бұл бастаманы не үшін көтердік? Әркімнің көкейінде жүрген ащы сұрақ [9]...

Ядролық сынақтан халықтың малы да, жаны да ауыр зардап шекті. Мың өліп, мың тірілген қайсар қазақтың мұң қайғысы бір басына үйіліп жетіп жатыр. Қазақстанның дархан даласына, кең байтақ жеріне АЭС орнатып, уранның қалдықтарын көміп, оны сақтайтын банк салуға ешқандай жол жоқ! Ұлы жерімізді ұлы жерге айналдыруға қазақ елі ешқашан келісімін бермейді!

Бұл сынақтың, ядролық қарудың зардабын тек адамзат ғана шегіп жатқан жоқ. Даланың көркіне айналған ақбөкендердің де түбіне жетіп, зардабын шектірді. Ақбөкендерге «Пастереллез» деп диагноз қойылғанымен, киіктердің пастереллезден қырылды дегеніне Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі қоршаған ортаға байланысты басқару және инжиниринг факультетінің профессоры академик Мұрат Нұрышев бұған қарсы

пікір айтты [10]. Мыңдап қырылған ақбөкендердің жайылатын жерлері Ақмола облысындағы Жаксы, Жарқайың аудандары сол аймақтағы Есіл ауданымен іргелес тұр. Есілдегі Қалашы ауылының тұрғындары уран кенішінің зардабынан мезгілсіз ұйқыға кеткен болатын. Бұл себептің зардабын анықтап, зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде халықтың мезгілсіз ұйқыға кетуіне, әлбетте уран кеніші кінәлі деп саналды.

Қарап отырсақ киіктердің қырылуына да уран кенішінің себебі бар екендігі айтылады. Тек адамға ғана емес, даланың маңдайына біткен, кең аймақта қаптап жүретін ақбөкендердің де өлімдеріне себеп болып отырғаны баршаға мәлім. Еліміздегі апатты аймақтардың жағдайы адам аярлық, бізге ядролық отынның қалдықтарын жерге көму- бұл келешек ұрпаққа деген үлкен қиянаттылықтың белгісі. Тіршілікке қауіп- қатері бар мұндай қалдықтарды Қазақ елінде сақтауға біз толықтай қарсымыз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Егемен Қазақстан №185 (28663) 29 қыркүйек, сейсенбі 2015
2. Егемен Қазақстан №187 (28665) 1 қазан, бейсенбі 2015
3. Егемен Қазақстан №167 (28645) 3 қыркүйек, бейсенбі 2015
4. Егемен Қазақстан №167 (28645) 3 қыркүйек, бейсенбі 2015
5. Егемен Қазақстан №170 (28394) 2 қыркүйек, сейсенбі 2014
6. Егемен Қазақстан №154 (28378) 9 тамыз, сенбі 2014
7. Жас Алаш №77 (16055) 29 қыркүйек, сейсенбі 2015
8. Жас Алаш №77 (16055) 29 қыркүйек, сейсенбі 2015
9. Жас Алаш №80 (16058) 8 қазан, бейсенбі 2015
10. Жас Алаш №41 (16019) 26 мамыр, сейсенбі 2015

ӘОЖ 808.2.070.5.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құдайбергенова Әсел Нұрланқызы

gkuanyshebekkyzy@mail.ru

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Р.Нуриден

БАҚ қызметінің және Қазақстан Республикасы ақпараттық нарығының жұмыс істеуінің негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады [1]. Қазақстан Республикасының Конституциясы сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндікке кепілдік береді, цензураға тыйым салады, сонымен қатар әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар екенін айқындайды, идеологиялық және саяси әралуандылықты таниды. Қазір Қазақстанда ақпарат нарығының негізгі, елеулі элементтері қалыптасқан. Мәселен, 1990 жылдарға дейін республикада барлығы 10 республикалық мемлекеттік газет пен журнал басылса, эфирге 21 теле және радиоарна шығарылса, ал соңғы жылдардағы мәлімет бойынша Қазақстан Республикасында жеті мыңнан астам бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Мемлекеттік емес БАҚ-тардың үлесі 78-ге жуық процентті құрайды. Тіркелген БАҚ-тың жалпы санынан 2479 бұқаралық ақпарат құралы тұрақты негізде жұмыс істейді.

«Елімізде БАҚ-ты кең тұрғыда тақырыптық саралау орын алып отыр. Қазіргі уақытта баспалық БАҚ-тың үлесі масс-медианың жалпы санының 50 пайызын, қоғамдық-саяси - 16 пайызды, ғылыми - 9 пайызды, жарнамалық - 10,5 пайызды, балалар, жастар, әйелдер және діни басылымдар шамамен әрқайсысы 2 пайызды құрайды»[2,25-6]. Қазақстан Республикасында 212 электрондық БАҚ жұмыс істейді. Аса ірі жалпыұлттық электрондық